

Астық дайындау жөнінде

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 21 шілде 1994 ж. N 286-ө

Агроөнеркәсіп кешенін - мұнай өнімдерімен қамтамасыз етудегі қалыптасып отырған қиын жағдайға және егін жинауға әзірлік пен мемлекеттің мұқтажы үшін астық дайындау жөнінде шұғыл шаралар қабылдау қажеттігіне байланысты Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Ауыл шаруашылығының мұқтажы үшін мұнай өнімдерін беру туралы" 1994 жылғы 12 шілдедегі N 780 P940780_ қаулысына қосымша ретінде:

1. "Астық мемлекеттік-акционерлік компаниясы шаруашылықтардың еркін қалдығынан "Мұнай өнімдері" мемлекеттік-акционерлік компаниясымен және "Либерти" құрлықаралық компаниясымен жасалған контракт бойынша берілген мұнай өнімдеріне есеп айырысу үшін сатып алынған астық мемлекеттік ресурсқа есептелсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің "Астық мемлекеттік акционерлік компаниясының кепілдігімен Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі осы мақсаттарға бөлген директивалық банк кредитін пайдаланғаны үшін процент төлеу жөніндегі шығын астық қабылдау кәсіпорындарының жұмсалған шығынына жатқызылады.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Ауыл шаруашылығы министрлігі мұнай өнімдерінің, астықтың уақтылы берілуіне, және кредиттің қайтарылуына бақылау орнатсын.

Премьер-министр